

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вопора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Булкбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ

Қазақ мемлекеттілігі туралы сөз болғанда, әңгіме ауаны ылғида халқымыздың ұлт болып қалыптасуы мен Қазақ хандығының құрылуы және «қазақ» этнонимінің пайда болуы делінетін үш үлкен тақырыпқа ойыса беретіні бар. Оның үстіне, біраз тарихшылардың осы үш бірдей проблеманы бір ғана XV ғасырдың орта шеніне, атап айтқанда, 1456/1465 жылға апарып тірейтіні бар. Былай қарағанда, дәл осы тұста аталған үш мәселе бірдей шешімін тапқан секілді. Бұл арада басын ашып алатын бір мәселе - XV ғасырдың орта кезі Қазақ мемлекетінің қалыптасу үдерісінің аяқталған және «Қазақ хандығы» деген атпен құрылған жаңа мемлекет тарихының басталған кезі. Сонымен бір уақытта, байырғы Қазақ даласын ғасырлар бойы мекендеп келе жатқан түркі-оғыз текті ұлыстар негізінде қалыптасқан ортақ тіл, ортақ дәстүр, ортақ территория, ортақ менталитеттегі байырғы супер этностың қайтадан «қазақ» деген жаңа атпен тарих сахнасына шыққан кезі. Яғни, бұрыннан бар этнос жаңа этнонимге ие болды. Жаңадан пайда болған «қазақ» этнониміне байланысты, олардың мемлекеті «Қазақ хандығы» деп аталды. Бар болғаны осы. Ұлт та, мемлекет те ешқайдан келген жоқ, немесе, аяқ астынан пайда бола қалған жоқ, тек жаңа атауға және жаңа статусқа ие болды. Демек, XV ғасырдың екінші жартысында-ақ, Қазақ хандығы ұлттық құрамы, аумақтық тұтастығы, мемлекеттік басқару жүйесі, сондай-ақ ішкі-сыртқы саясаты жағынан қалыптасқан мемлекет ретінде өмір сүріп тұрды. Әрине, оған қазіргі таңдағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі «мемлекет» критериясымен қарауға келмейтін. Оның үстіне, «мемлекет» деген ұғымның өзі тарихи мәнге ие. Оған ұдайы даму, кемелдену негізіндегі тарихи үдеріс ретінде қарау керек. Өйткені, Қазақ хандығы құрылған XV ғасырда дүниежүзіндегі барлық елдер (мемлекеттер) біздің бүгінгі ұғымдағы мемлекеттік өлшемдерімізге жауап бере алмайтын. Демек, Қазақ хандығы алғаш құрылған күннен бастап, сол кездегі Еуропа мен Азияның кез-келген елімен тең тұра алатын.

Мұндағы ең басты себеп, бұған дейін де Қазақ жеріндегі мемлекеттілік дәстүрдің тамыры тым тереңде жатқандығы еді. Қазақ даласы Орта Азияны айнала жатқан ежелгі өркениетті әлеммен ежелден қоян-қолтық байланыста дамыған аймақ. Ежелгі «Жібек жолының» күре тамырында отырып, ол айналадағы өркениеттер мен мемлекеттілік дәстүрден құр алақан қалды дегенге кім сенеді? Ендеше, дәстүрлі қасаң көзқарастардан бет бұрып, тарихтың шын бітім-болмысына көңіл аударатын кез келгендей. Ең әуелі, біздің ата-бабаларымыз ежелден тірлік еткен Орта Азия, Аму және Сыр дәрияларының бойы, Тянь-Шань, Алтай тауларының етектері мен Ертіс-Іле өзендерінің алқабы ежелгі өркениеттер бесігі болғанын еш қашан естен шығармауымыз керек. Осыдан барып, неге біз қит етсе, өркениет ошақтары мен мемлекеттілік дәстүрді өзімізден шалғай жатқан өзге жұрттардан іздейміз? Неге біз адамзаттың ең үлкен егіншілік мәдениетінің бізден бір белдің астында-Тарым ойпаты мен оны айнала жатқан оазистерде пайда болғанына назар аудармаймыз?-деген заңды сұрақ туады.

Шын мәнінде, бұл сұрақтардың бәрі біздің жеріміздегі мемлекеттіліктің пайда болуы және дамуымен тығыз байланысты.

Ерте заман кезеңін қарастырсақ, қазақ халқының этникалық тегі мен мемлекеттілігінің екі үлкен негізі бар: ол ортаазиялық және солтүстіказиялық негіз, яғни, ежелгі сақ және ғұндық негіз.

Қазақ халқының этногенезі мен ұлт болып қалыптасуына ұйытқы болған географиялық мәндегі ортаазиялық және солтүстік азиялық негізге Солтүсік Қытайдағы Орталық Хуанхэ бассейні, Монғол үстіртінен бастап Каспи теңізіне дейінгі ұланғайыр дала жатады. Ал этникалық негізге осы далада өмір сүрген көне ғұндар мен сақтар кіреді. Тарихи деректер көне ғұндар мен сақтардың бір кезеңде өз алдына жеке дара мемлекет ретінде өмір сүргенін көрсетеді.

Гректер мен парсылардың тегеуірінді жорықтарына бастарын бәйгеге тіге қарсы тұрған («Томирис», «Алып Ер Тоңа» дастандары) және туған жерлерін, Отанын қорғап қалған («Шырақ» дастаны) сақтар сол кездің өзінде мемлекеттіліктің биік деңгейінде болатын. Әйтпегенде, оларда Отан қорғау сезімі, елдік, патриоттық рух қайдан пайда болсын. Бұл бір. Екіншіден, сыртқы жауға қарсы тұра аларлықтай сақтардың өз армиясы, патшасы болды. Бұл мемлекеттіктің басты белгісі. Мұндайда олардың мемлекеттік басқару жүйесі және әдет-ғұрыптық заңдары болмады дегенге кім сенеді?

Қытай деректері ғұндардың да қуатты мемлекет құрғанын, ел басқару жүйесі, әскері, заң-тәртібі болғанын дәлелдейді. Қытайдың «Ханшу. Ғұндар баянында»: «Тәңірқұт - шексіз кең деген мағнада, яғни аспандай аялы деген сөз. Ғұндарда сол білге хан, оң білге хан, сол жанақ хан, оң жанақ хан, сол

сардар, оң сардар, сол аға бас жасауыл, оң аға бас жасауыл, сол данға, оң данға, сол құтағу, оң құтағу қойылады. Ғұндар білгі (кеменгер) адамды дөкей дейді. Сондықтан көбінше мұрагер хантегін сол қол дөкей хан болып тағайындалады» делінеді [1]. Демек, ол кезде қытайлар өз патшаларын «Көктің ұлы» атаса, ғұндар да басшыларын одан кем қоймаған, «Тәңірқұт» (дарқан, аспандай аялы, көктің құты) атаған. Оның үстіне, мемлекетті әкімшілік-әскери тұрғыдан басқарудың қатаң түрдегі лауазымдық жүйесі болған. Бұл Қытайда Цинь Шихуан заманынан (б.д.д. III ғ.) кейін ғана қалыптасқан жүйе.

Цинь Шихуан-Қытайдың кіндік жұртын ең алғаш біріктіруші. Дейтұрғанмен, Қытайдың бірігуіне басты себеп ғұндар десек еш қателеспейміз. Өйткені олар атты көшпенділер еді де, қытайлар жаяу-жалпы егінші жатақтар еді. Олар ылғида садақ тартуға, қылыш шабуға шебер атты көшпенділердің алдында дәрменсіз күйге түсіп отыратын. Сондықтан, Қытай жерінде б.д.д. V-IV ғасырларда 140 бектік болса, одан Цинь Шихуан заманында 7 бектік (княздік) ғана қалды. Солтүстіктен төнген қауіп-қатердің алдында олар Цинь Шихуанның Цинь бектігіне бірікті. Өйткені ғұндарға бірігіп қарсы тұрмаса, құритын еді. Бұдан алдын, Қытайдың солтүстік аймағындағы Янь, Чжао, Цинь бектіктері ғұндармен шекараласатындықтан, өз алдарына қорғаныс қамалдарын салған болатын. Бірақ ол қорғандар бір-біріне жалғанбағандықтан, ғұндар басып кіре беретін. Бұл жағдайдан құтылу үшін Цинь Шихуан елді бірлікке келтіргеннен кейін көп ойланды. Ең әуелі, терістік шекараны шолып, жағдайды көзімен көріп қайтты. Сы Мацяньнің «Шицзи» атты кітабында ол туралы былай дейді: «Цинь Шихуан солтүстік шекараны көзден кешірген соң, Шанчжуннен оралады. Янь бектігінің Лу Шэн деген адамы теңізге барып, әулиелерді іздеп қайтады. Ол жын-албасты, Құдай туралы істерден патшаға мәлімет береді және әулиелерден көшіріп әкелген суретті кітапты ұсынады. Кітапта: Цинь елін ғу¹¹ жояды деп жазылғанды. Сондықтан Цинь Шихуан Мэн Тянь санғұнды 300 мың қолмен терістікке аттандырып, ғұндарға шабуыл жасатты да, өзеннің (Хуанхэнің-авт.) түстік алабын тартып алды»[2]. Бұрыннан қытайлардан тым қауіптеніп кетпейтін ғұндар бұл жолы оңбай жеңіледі. Ғұндар оларды қысқы қоныстары Ордостан қуып шықты, әрі онда 44 аудан құрып, аса ауыр қылмыс жасағандарды көшіріп келіп орналастырды. Бұрынғы Янь, Чжао, Цинь бектіктерінің қорғаныс қамалдарын бір-бірімен тұтастырып, бас-аяғын 5 мың километрге созылған қорғаныс лениясын қалыптастырды. Бұдан шығатын қорытынды: ғұндар б.з.д. III ғасырда өздерінің басымдығы арқылы Қытайдың кіндік жұртын бірігуге мәжбүр етті, бірақ есесіне атамекендері Ордостан айырылды.

Мұндайда, ғұндар ылғида шапқыншы болған ба? Шапқыншы болып бейкүнә Қытай жұртын беталды талап, жерлерін басып алып отырған ба? деген заңды сұрақ туады. Ғұндар не себептен оңтүстікке төне береді және бұған оларды қандай күш итермелеп отырды деген мәселе төңірегінде көптеген ғалымдар өз ойларын айтып һәм жазып келеді. Біреулер бұған солтүстіктің қатал қысы кінәлі, ғұндар амалсыздан оңтүстікке өтіп, қытайлардың жерлерін басып алуға мәжбүр болды десе, енді біреулер, ғұндар тек оңтүстіктің байлығына, еңбек күшіне, әйелдеріне, алтын-күмісіне қызықты, сол себепті ауық-ауық шапқыншылыққа бой ұрды деп дәлелдемек болды. Шындығында, жағдай біз ойлағаннан мүлде басқаша еді. Біздіңше, мұндағы басты себепті көшпенділердің ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру дағдысынан іздеген жөн. Тарихта даланы мекендеген түрлі халықтардың жылдың төрт маусымында өз бетімен көшіп-қонып жүретін маршруты болған. Осы маршрут бойымен олар неше айларға созылған эпикалық көші-қонды бастан кешіріп отырған. Эпикалық көші-қон дегеніміз жылдың төрт маусымында от-шөптің және суаттың жағдайына, ауарайының өзгерісіне негізделіп, мал-жанның өмір сүру қолайына бола талдап алынған және неше жүздеген жылдар бойы қалыптасқан маршрут бойымен циркуляциялық түрде ұзақ аралықтарға көшу. Б.д.д. III ғасырларға дейін ғұндарда да осындай өмір сүру дағдысы болған және ол еш өзгеріске ұшырамаған. Олар Хуанхэнің оңтүстігіндегі Ордос өңірін қыстап, көктемде өзеннің мұзы түспей тұрғанда Шұғайқұзына көшіп шығып, сол жерде малдарын төлдетіп, төл аяқтана бере тағыда солтүстікке көшіп Орхон бойына дейін жетіп, 1-2 ай бойында сонда жайлап, қыркүйек айының соңында оңтүстікке қайтатын болған. Шұғай құзына жете күзем алып, киіз-кешектерін басып, қар жауып, суық түсе, Хуанхэнің мұзы жүкті түйені көтеретіндей болғанда оңтүстікке өтіп шығып, Ордостың қарағанды тоғайын қыстайтын болған. Демек, Ордос ежелден ғұндардың төл Отаны еді. Ордос пен Иньшань (Шұғай құзы) тауының ертеден ғұндардың ата мекені екенін Қытайдағы ғұн тарихымен жарты ғасырдан астам айналысқан проф. Лин Ган да растайды. «Ғұндардың өсіп-өнген түпкі отаны Ордос пен Шұғай құзы болғандықтан, олар Орта

¹¹ «Ғу» (胡) көнеқытай тілінде солтүстіктегі көшпенділерді меңзейтін. «Цинь елін Ғу жояды» (亡秦者胡也) деген сөзге қарағанда, Лу Шэннің әкелгені балгерлік кітабы болса керек. Осында «Ғу» деп отырғаны әсілінде Цинь Шихуанның мұрагер ұлы Ғу Ғыға (胡亥) қаратылып айтылғанды. Бірақ, Цинь Шихуан «Ғу» сөзін ғұндар деп түсінеді. Сөйтіп, бар күшін жинап ғұндарға қарсы соғыс ашады.

жазықтың Янь, Чжао, Цин бектіктерімен шекаралас болды. Ішкі Монғолияның Шұғайкүзы мен Ордос алқабы ғұндардың түп мекені. Бұны соңғы 30 жыл бедерінде Ішкі Монғолия аймағынан табылған көптеген ғұн дәуірінің ескерткіштері растайды» [3-5]-дейді ғалым.

Бұдан бұрын қытай тарихшылары ылғида ғұндарды Ордос өңіріне басып кіруші ретінде, ал, Цинь Шихуанды Ордосты азат етуші ретінде көрсететін. Лин Ган мырза атап көрсеткендей, Ордостағы ғұндар еш қайдан келмеген, ата-бабасынан осы жерді мекендеп, өсіп-өнген. Керісінше, Цинь Шихуан бұл жерді басып алған.

Цинь патшалығының соңғы кезіндегі аласапыранда ғұндар бұл мекендеріне қайтып келді. Кейін Хан патшалығы күшейіп алғанша, олар Ордосты жалғасты қоныс етті. Осы кезде Хан патшалығымен арада кескілескен соғыстар қайта басталды. Хандықтар ғұндардың бұл аймақта бірде пайда болып, бірде ғайып болатынын түсінбейтін. Өйткені оларда «қыстау» дейтін ұғым жоқ еді. Сөйтіп, Хан патшалығы ақыр аяғында бар күш-куатын ғұндарға қарсы жұмылдырды. Ғұндар тағы да жеңіліп, солтүстікке Орхон өзенінің бойына тұрақтады. Сол кезден бастап, Орхон бойы иісі түркі-монғол халықтарының кіндік жұртына, «түпкі ханына» айналды. Ордос үшін осындай алма-кезек шайқастар түп-тура мың жылға, тіпті, одан да ұзақ уақытқа созылды. Осы аралықта Қытай патшалықтары да Ұлы қамалды мың жыл бойы жөндеумен болды. Ғұндардан кейін, бұл күресті көк түріктер, одан соң шүршіттер, монғолдар жалғастырды. Демек, тарихтағы көшпенді жұрттардың оңтүстікке, Хуанхэ сағасына бағыттаған ауық-ауық соғысы тектен текке жасалмаған. Б.д. V ғасырдың басында ғұндардың, сяньбилердің Қытайдың солтүстігінде 16 патшалық құруы, көк түріктердің солтүстік Вэй, Суй және Таң патшалықтарына қайта-қайта қатер төндіруі, жүржіттердің Солтүстік Сун патшалығын жоюы, артынша жүржіттер мен монғолдардың Қытайды баса билеуге таласуы, монғолдардың, одан соң манжулардың (шүршіттердің) Қытайды жаулап алуы, міне, бір-бірімен сабақтас және бірі бірінің ісін қайталаған осынау тарихи оқиғалардың бәрі кездейсоқ емес еді. Осының бәрі көшпенділер үшін стратегиялық маңызға ие Хуанхэ бойын, Ордос өңірін мәңгілік иелеп қалу үшін жасалған соғыстар еді.

Демек, Хуанхэ алқабы тарихтағы отырықшылық өркениет пен көшпенді өркениеттің шекарасы, немесе көшпенділер мен қытайлықтардың шекарасы болды. Сол себептен, бұл тартыстың мыңдаған жылдарға созылуы бүгінде Қытай тарихын тарихнамалық тұрғыдан қайта қарауға міндеттейді.

Оның үстіне, тарихтан бері тек қытайларда ғана мемлекеттілік дәстүр болып, көшпенділерде мемлекеттік дәстүр болмаған, «судың тұнығын, шөптің сонысын қуалап көшіп-қонып жүрген» дейтін қате көзқарастың қалыптасып қалуы, бізді еш нәрседен екіленбей-ақ бар тарихымызды сызып тастауға үйретті.

Жапондық ғұн тарихын зерттеуші ғалым Сауада Исао (Sawada Isao) өзінің «Ғұндар» деп аталатын зерттеу еңбегінде: «XIX ғасырдағы Ішкі Азияны зерттеуші еуропалық ғалымдар атты көшпенділердің шапқыншылығы ылғида төмен деңгейдегі, тым жұтаңқы тірліктегі малшылардың жоғары өркениетке қызығуынан болды, олар өздеріне көрші жатқан отырықшы аймақтарға басып кіріп, отырықшы ұлттардың жиып-терген алтын-күміс қазынасын тартып алып отырды деп есептеп келді. Бірақ, XX ғасырға аяқ басқаннан кейін, АҚШ ғалымы О. Латтимор (Owen Lattimore-, гумманитарлық зерттеуші С.Хантингтон (Samuel P. Huntington) қатарлылар бұл көзқарасты сынтөзіне алды, олар көшпенділерді негіз еткен далалық қоғам - ол өз алдына бөлек өркениет қоғамы дегенді дәріптейді», -дейді [4-155]. Шын мәнінде, далалық көшпенділердің төл мемлекетін отырықшы мемлекеттермен салыстырудың өзі дұрыс емес. Сонда өлшем қай жақта болу керек? Не себептен біз далалық көшпенділердің мемлекеттігін міндетті түрде отырықшы мемлекеттердің форматына саламыз? Егер, керісінше болса ше? Мейлі Еуропада, мейлі Азияда болсын, құлашын кеңге жайған далалық мемлекеттердің қауіп-қатерінен соң ғана ондағы ұсақ ұлыстар, бектіктер(княздіктер) мен қала мемлекеттері бірігуге бет алған жоқ па? Бұл ретте, тағы да Еуразия кеңістігіндегі мемлекеттілік дәстүрдің қалыптасуы мен дамуындағы ғұндардың рөлін айырықша атап өтуге тура келеді. Ғұндар ежелгі дүниежүзі тарихындағы феномен. Олар біздің ұғымымыздағы жәй ғана «ғұн» емес, одан да терең, одан да сырлы, одан да кең ауқымдағы ұғым. Ғұндардың көшпенді қоғамы әлі күнге жеріне жете зерттелген жоқ. Дәстүрлі көшпенділер мәдениеті, оның бітім-болмысы, алғашқы бейнесі, оның дүниетаныммен байланысы ғұн заманынан бастау алады.

Ғұндарда биік мемлекетшіл сана-сезімнің, ар-намыстың болғаны қытай дерегіндегі мына бір шағын мысалдан-ақ байқалады: Түмен тәңірқұттың ұлы Мөде Ғұн мемлекетінің тізгінін өз қолына алған тұста, көрші жатқан шығыс ғұлар (кейінгі сяньбилердің ата-бабасы) Түмен тәңірқұттың «қанатты пырағын» сұрап кісі жібереді. Мөде: бір қылқұйрықтың көзін қимасақ, олармен қайтып іргелес ел боламыз дейді де, әкесінен қалған дүлдүл жүйірікті елшіге жетелетіп қоя береді. Арада көп өтпей,

шығыс ғудың елшілері келіп тәңірқұттың ханымдарының бірін сұрайды. Тәңірқұт оған да мақұл болып, өзінің наксүйерерін олардың қалауына береді. Үшінші жолы, ғу елшілері тағы келіп, ғұндармен арада екі жақтың шекаралық қарауылдары тұратын жердің ортасында жатқан иен жер (бүгінгі сөзбен айтқанда бейтарап зона) біздікі, оған соқтықпандар дейді. Сонда Мөде тәңірқұт: Жер - елдіктің негізі, оны қалайша береміз!¹²-дейді де, қалың қолын бастап, шығыс ғуларға қарсы соғыс ашады. Ғұндарды көзге ілмей жәйін жатқан шығыс ғулар олардың соққысына шыдай алмай күйрейді [5]. Бұдан шығатын қорытынды, б.д. б. III ғасырдың өзінде ғұндар елдіктің негізі болып табылатын «жер» немесе «территория» мәселесін бәрінен жоғары қойған. Мемлекет территориясын жат жұрттың сұғынан қорғау үшін шекараға «өтек» (陬脱) деп аталатын қарауылдар қойған. Мөде тәңірқұт Ғұн билігін қолына алып, шығыс ғулар мен батыста юэчжилерді бағындырған соң, оңтүстікке ойысып, Цин Шихуан кезінде қолдан кеткен Ордосты қайтарып алып, «Хуанхэ өзенінің түстігіндегі ежелгі қамалдарды Хан патшалығымен арадағы шекара етеді» [1]. Демек, ғұндар мемлекет топырағын қатаң қорғап, шекараны айқын белгілеп, тіпті, қолдан кеткен жерлерін де қайтарып алып отырған. Қаншалықты мол жерді иелеп жатса да, жаттарға алақандай жерді қимаған. Жерді ең басты құндылық ретінде бағалаған. «Отан» ұғымының негізінде осы «жер», «территория» ұғымның жатқанын ескерсек, ғұндар да өздерінің түпкі тегі скифтер (сақтар) секілді отан үшін бәрін пиде етуге дайын болған. Сонда, көне ғұндардың Отаны қайсы? Қытай ғалымы Лин Ган атап көрсеткендей, олардың түпкі отаны Ордос, Шұғай құзы, одан соң екінші рет орда тіккен жері Орхон бойы. Кейін Мөденің заманында олар шығыс пен батысқа кеңейіп, Еуразия даласының апай төсін еркін жайлады.

Мемлекет ретінде ғұндардың өз заңы болған. Ол заңның аясына мемлекеттің ең негізгі ұстанымдарынан бастап, әдеттегі қылмысты істерді бір жайлы етуге дейінгі ережелер кірген. Ол туралы қытай дерегінде бұй дейді: «ғұнның барлық ағаман-ақсақалдары жаңа жылдың басқы айында тәңірқұт ордасына жиналып, шағын мәжіліс өткізіп, тасаттық береді. Мамыр айында Ұлубалықта жиналып, ата-баба аруағына, Жер мен Көкке, киелі иелеріне арнап ас береді. Күзде жылқы семірген кезде Тасаттық орманында бас қосады да, мал мен жанның санағын алып, соған сәйкес алынатын салық мөлшері есептеледі. Олардың әдет заңында: біреуге семсер (не қылыш) жұмсап, зақымдаған жері екі қарыстай болса, оған өлім жазасы бұйырылады; ұрлық қылғандардың мал-жаны тәркіленеді; жеңіл қылмыс жасағандарға толарсағын шағу жазасы, ауыр қылмыстар үшін өлім жазасы қолданылады. Абақтыға қамау мерзімі 10 күннен аспайды. Бүкіл елде бірен-саран адам ғана абақтыға түседі. Тәңірқұт әр таңда ордадан шығып, көтеріліп келе жатқан Күнге, түнде Айға тәу етеді. Отырғанда үлкендер сол жақтан бастап, солтүстікке бет түзеп отырады»[1]. Осында баяндалған түрлі дәстүрлер, ережелер түгелімен заңдық сипатқа ие. Мұнда ғұндардың әдет-ғұрпы, қылмысты істер заңы, сенімі, санақ және салық жүйесі туралы мәліметтер кездеседі. Бұдан өзге деректерде де ғұндардың өлім-жітім салты, ұрыс этикасы, соғыстағы көрсеткен ерлігіне сай көретін құрметі, тапқан олжасынан игіліктенуі, соғыс тактикасы, соғыста өлген серіктерінің сүйегін далада қалдырмаудың амалы секілді мәселелер де заң ретінде айқындалған.

Ұлттың, мемлекеттің төл атрибуттарының бірі оның тіл-жазуы. Ғұндардың жазуы болған, болмағаны туралы тарихшылар арасында көптен пікірсайыс жүріліп келеді. «Хан кітабында» олар туралы айтылған «жазу-сызуы жоқ, сөз байласып тілге тоқтайды» деген бір сөйлем сөзге бола, тарихшылар оларды жазуы жоқ ел санатына қосады. Дегенмен, б.з.д. III-II ғасырлар кезінде дүниежүзінің санаулы ғана елдерінде жазу пайда болған. Осы кезде Цинь Шихуан Қытай елінің иероглифтік жүйесін бір ортақ өлшемге келтірген. Аталған дәуірге тән қытай деректері ғұндарда жазу болмағанын айта отырып, Ғұн тәңірқұты мен Хан патшасы Вэндидің бір-бірімен хат алысқанын баян етеді. Деректе: Хан патшалығының Тәңірқұтқа жіберетін хаттары 1 қарыс, 1 сүйем ұзындықтағы тақтайшаға жазылатын. Ол хаттар «Патша Ғұнның ұлы Тәңірқұтына есендік тілейді!» деп басталып, одан соң жіберілетін сәлемдеме, сыйлықтар, айтпақшы бұйымтайы, т.б. жазылатын. Чжун Ғанюэ¹³ (Тәңірқұтқа) Хан патшалығына жіберілетін жолдамаңыз 1 қарыс, 2 сүйем ұзындықтағы тақтайшаға жазылсын, басылатын мөрі мен қойылған қолы да олардыкінен үлкен болсын. Хатты «Көк пен жерден жаралған, Күн мен Айдың еркімен болған Ғұнның ұлы Тәңірқұты патшаға есендік тіллейді» деген өктем сөздермен бастап, сосын жіберілетін тарту, айтар бұйымтайы, тағы басқа жайлар жазылсын деп Тәңірқұтқа кеңес береді[1]- делінеді. «Хан кітабына» негізделгенде, Ғұн тәңірқұты мен Хан патшасы арасындағы мұндай хат-қатынас әлде неше мәрте болған. Ендеше, бұл жағдай ғұндардың да төл жазу мәдениеті болғанын растайды. Кейбір тарихшылар бұл хаттар Ғұн сарайына берілген ұлты қытай оқымыстылар тарапынан жазылған

¹² Қытайша: «地者, 国之本也, 奈何予人».

¹³ Чжун Ғанюэ - Хан патшасы Вэнди тарапынан Ғұн тәңірқұтына ұзатылған қытайлық ханшаға қосып жіберілген сарай өтегі. Ол Ғұн еліне барғаннан кейін, Хан ордасына қайтпай, Тәңірқұтқа ақылшы болып қызмет етеді.

болуы мүмкін деп есептейді. Бірақ, тарихи деректер Ғұн Тәңіркүтының батыстағы Үйсін тектес елдерге де хат жіберіп отырғанын, олардың ғұн елшілері Тәңіркүттың хатын алып келсе болғаны, еш нәрседен тарықтырмай, айтқанын орындап, азық-түлікпен қамдап отырғанын тілге тиек етеді[6]. Мұндайда Тәңіркүттың қытай тілін білмейтін бұл елдерге жіберген хаты қай тілде жазылған болуы мүмкін деген заңды сұрақ туады. Кейінгі кезде монғол ғалымдары Ц. Доржсүрэн мен А. Дамдинсүрэн ғұндардың төл жазуы болған деген пікірді алға тартты. Ц.Доржсүрэннің 1961 жылы жарық көрген «Солтүстік ғұндар» (Умарт хунну) атты еңбегінде жариялаған 14 ғұн алфавиті түгелдей Абакан, Дархан, Керулен секілді жерлердегі ғұн молаларынан табылған форфор бұйымдардың бүйіріне және түбіне жазылған жазулар болса, [7-105], А. Дамдинсүрэннің зерттегені Ішкі Монғолиядағы Рэхэ, Чэндэ қатарлы жерлерден табылған пышақ, манеталарға жазылған таңбалар еді[8-106-111]. VII ғасырда жазылған «Чжоу кітабында» кейінгі кездегі түріктер туралы айта келіп, «олардың қағаны Өтүкен тауында тұрады. Оның ордасының есігі шығысқа қараған. Бұл күннің шығуына жасалған құрмет... Өтүкен тауынан 4-5 ли жерде басына ағаш та, шөп те өспейтін бір биік шың болып, оны Бөт тәңірі деп атайды. Ол қытайша «Дишэн» (Жер тәңірі) дегенді білдіреді. Олардың жазуы ғұлардікіне ұқсайды»[9] дейді. Қытай дерегіндегі «ғу» ғұндарды білдіреді, ендеше, «түріктердің жазуы ғұларға ұқсаса», бұл өз кезінде ғұндарда да жазу болғанын әрі бұл жазудың руникалық жазу екенін растайды. Қазақ ғалымы Қ.Сартқожаұлы өзінің «байырғы түрік жазуының генезисі» атты еңбегінде көптеген шетел ғалымдарының пікірлері мен жазба деректерді салыстыра отырып, ғұндардың төл жазуы болған деген қорытындыға келді[10,34].

Бұдан шығатын қорытынды: Б.д.д. IV ғасырдан, б.д.V ғасырына дейін әлемдік тарих сахнасында ерекше із қалдырған ғұндардың төл жазуы болған. Тәңіркүттың хаттары, тіпті, қытай тілінде жазылды деген күннің өзінде де, бұл жағдай ғұндардың өркениетті қоғамға тән жазу мәдениетін қабылдағанын көрсетеді. Қытай жазуы Хан патшалығы кезінен бастап Жапонияда, Кореяда тарала бастады. Тарихи деректер түріктердің де көне хат-қатынаста, немесе кейбір діни құжаттарда, келісім-март мәтіндерінде қытай иероглифтерін сөз арасында аудармасыз аралас қолданғанын дәлелдейді[11-137]. Бұл этностың қытайлануы емес, қайта қытай мәдениетінің озық үлгілерін қабылдауы деп түсінген жөн. Оның үстіне, қытай тілі сол кезде қазіргі ағылшын тілі секілді табиғи жолен Қытай аумағынан шығып, Шығыс Азиядағы халықаралық қатынас тіліне айналған болатын. Сондықтан, б.з.д. II ғасырда Қытаймен және ортаазиялық елдермен хат арқылы байланысқа шыға білген ғұндарды жазу-сызусыз болған деуге ешқандай негіз жоқ.

Ғұндардың жазу мәдениеті кейін келе көне түркілерге ұласты. Түркілердің тіл-жазуы, дәстүрі, заңы мен әскери жүйесі, мемлекет басқаруы түгелдей ғұндардан келген. Тіпті, қытай деректері түріктерді көп жағдайда «ғу», немесе «ғұн» деп атап отырған. «Чжоу кітабында»: «түріктер-ғұндардың бір тармағы. Билеуші тайпасы-Ашына. Олар өз алдына ұлыс құрды»[12] делінеді. Қытайдан табылған Шығыс Түрік санғұны Ашына Чжун құлпытасында оның арғы атасы сяхудың әулеті, Ашына тайпасы Ся тайпасының бір бұтағы делінсе[13-273], император қабір кешеніндегі келесі бір түрік санғұны Ашына Сымаға орнатылған құлпытаста да оның руы Шұғайқұзын жайлаған Ашына тайпасынан, оның мәртебелі арғы тегі ғұндардың сюнвэй әулетінен, өсіп-өнген әулеті түп-тура ғұндардың Мөде тәңіркүтына тірейді [14-234]дейді. Бұған қарағанда Ашына тайпасы ғұн тәңіркүттарының әулетінен келе жатқан, «қаракөктің тұқымы» болып шығады. Сондықтан Таң императорының: «қазіргі қаған ерте заманның тәңіркүты ғой» деуі тектен текке айтылмаған.

Қытай мен Парсының, Византия мен Араб империясының сыртпен қарым-қатынас тарихында өзіндік өрнегін қалдырған көне түріктер б.д. VI ғасырында ата-бабаларынан қалған мемлекетті қайта құрып, оны мәңгілік етуге атсалысты. «Мәңгілік ел» ұғымы түріктерге көне ғұндардан, ал ғұндарға сақтардан жеткен. Ерте күнде Орта Азия мен Солтүстік Азияны еркін жайлаған сақтар өздерінің аты аңызға айналған мемлекетін құра отырып, оның даңқын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге әрекет еткен. Сол үшін өздерінің барлық құндылықтарын, мемлекеттік рәміздерін, дүниетанымын мың жылдық, түмен жылдық көне қорымдарға жасырған. Сан ғасырды бастан кешкен сол көне қорымдар талай талауға түсіп, небір зобаланды бастан кешсе де, көненің көзіндей болып бүгінгі ұрпағына жетті (Есік қорғаны, Берел қорымы, Шілікті обасы, т.б.)¹⁴.

¹⁴ Бір өкініштісі, сақтар мен ғұндардың, көк түріктердің көне қорымдарының көбі шекараның сыртында-Қытай мен Ресейде қалғаны әрі бұл бағалы ескерткіштерге сол елдер тарапынан тым көңіл бөлінбей отырғаны. Мысалы, Қытайдың қазақтар жері қоныстанған өңірлеріндегі көне қорымдардың көбі өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері қарай, заңсыз түрде қымбат металл іздеушілердің талаң-таражлау нысанына айналған. Жүйелі археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмегені, оның үстіне мемлекет тарапынан қатаң бақылау қойылмағаны себепті, әр дәуірге тән, әр түрлі бағалы мәдени бұйымдар кім көрінгеннің қолына түсіп, жан-жаққа тарап кетіп жатыр (авт.).

Сақтар өз кезінде сыртқы жауға қарсы тұрып, Отан қорғаудың үлгісін жаратса, ғұндар мемлекет шекарасын нақтылап, әскери шепті нығайтты. Батысқа кілең ақ боз атты, шығысқа қаракөк атты, терістікке қара атты, түстігіне жирен атты жасағын орналастырды. Мөде тәңірқұт таққа отырып, ел іргесін бекітісімен, садақшы сайыпқырандарының санын 400 мыңға жеткізді [5]. Мемлекет қуатын арттырып, халқына қамқоршы болды. Құдды Хан патшалығынан ғұндарға барып Тәңірқұт қоластында қызмет еткен Чжун Ғаньюэнің айтқанындай: «Олар жол-жосыны қарапайым, еркін халық. Оны орындау да оңай. Хан мен қараша арасындағы жоралғы тым қарапайым. Оларда мемлекеттік билік ісі мен адам тірлігі бір тұлға болып кеткен» [5]. Әрдайым халқына жақтас болу, оның мүддесін ойлау, пікіріне құлақ түру, сөзге тоқтау - дала демократиясының бастауы болып табылатын осы қасиеттердің бәрі сонау скиф-ғұн заманынан бері жалғасып келе жатқан дәстүр. Бұрынғы заманның тәңірқұттары, қағандары ешқашан өзім білем деген, ұдайы қарайған халқымен, ақсақалдармен ақылдасып отырған. Ақсақалдар кеңесі және «білгі» институты мемлекетті басқарудағы бүгінгі Парламенттің қызметін атқарған.

Көне ғұндар мен түріктердің мемлекеттілігінің негізі болған әдет-ғұрып заңдары «Қасым ханның қасқа жолына» дейін жетті. Қазақтағы ағайынды адам өлсе оның жесірін алу, яғни өменгерлік салты көне ғұндар мен үйсіндерден, түріктеден қалған дәстүр. Ол кезде қаған, күнби немесе тәңірқұт қайтыс болса, оның артында қалған жесірін сол әйелден тумаған ұлдарының бірі алатын болған. Бұл дәстүртүр деректер бойынша XII-XIII ғасырлардағы Найман қағанатында да сақталған. Бұл тарихи шындық. Өйткені, тәңірқұттан, немесе қағаннан қалған әйел биліктің символы болған. Егер ол руы бөтен басқа бір еркекті ордаға алып келсе, мемлекет шайқалады, қағанның немесе тәңірқұттың тұқымы құриды. Сол себепті, ғұндардың ішінде көп уақыт болған Чжун Ғаньюэ тағы бұй дейді: «Әкесі немесе ағайынды адамы өлсе, оның түтінін өшірмеу үшін жесірін алатын салт бар. Ғұндардың бұл әдеті келеңсіздеу көрінгенімен, бір атаның тұқымы ретіндегі қандастық тәртібі осы жолмен сақталады. Қазір Қытайда көрер көзге әкесінің немесе аға-бауырының жесірін алу салты болмағанымен, қайырымсыздық етек алып, туыс-туғандар барған сайын жатбауыр болып барады». Мұндай салт көшпенділер қоғамында, мейлі мемлекеттік деңгейде болсын, немесе отбасы деңгейінде болсын, тұтас қоғамның тұрақтылығын сақтап қалудың кепілі болған. Дәстүрлі қазақ заңында «әйел ерден кетсе де, елден кетпейді»-деген ереже бар. Қазақ ұғымында ұзатылған қыз сол барған еліне, руына «балдай батып, судай сіңуі» керек. Бұл ұзатылған қыз ендігіде барған руының адамына айналады деген сөз. Сол себептен де «қыз бала жат жұрттық» делінеді. Мұның бәрі сонау ғұн, көк түрік бабаларымыздан бері қарай келе жатқан бұлжымас заң; елді, мемлекетті мәңгі етудің, отбасын, әулетті сақтаудың жүздеген тетіктерінің бірі. Ертеден бері көшпенділерде ру-тайпалық жүйе мемлекетті басқарудың ең тиімді жолы болып келген. Рулық-құрам территориялық негіздегі әскери-әкімшілік құрылым болып есептеледі. Мұндайда қыз бала елмен елді, румен руды жалғастыратын дәнекер болған.

Ғұндардан соң тарих сахнасына шыққан түріктер де Түркі қағанатын құрған күннен бастап, еуразиялық кеңістіктегі ырықтылықты өз қолдарына алды. Бұл ретте олар көне ғұндардың мемлекет басқару тәжірибесін бұлжытпай пайдаланды. Сондай-ақ, Қытаймен, Парсымен және Византиямен күнделікті, тығыз қарым-қатынас жасай отырып, ол елдердегі мемлекет басқарудың тиімді жолдарын өздеріне үлгі-өнеге етті. Сол кезде Орта Азия мен оған көршілес аймақтардағы кез-келген халықаралық мәселелер Түркі қағанатының араласуынсыз шешілмейтін [15-114]. Түркі қағанаты әуелі Қытайдың Солтүстік Ци, Солтүстік Чжоу патшалықтарымен қарым-қатынас жасап, оларды өздеріне бағынышты қылды. Қытай дерегінде Түркі қағаны Табар «оңтүстіктегі екі ұлым маған адал болса ештемеден тарықпаймын» дейді. Бұл Византия императоры Тибериус II (Tiberius II 520-582)-нің Түркі қағанатына өз елшісі Валентиносты жіберген кезі еді. Бірақ Істемидің тағына отырған ұлы Тарду қаған византиялықтардың Еділ бойы мен Қаратеңізге жеткен аварларға қолдау білдіргеніне ашуланып, елшіні көңілсіз қарсы алады. Артынша қалың қолын аттандырып Қырымдағы византиялық келімсектерге шабуыл жасайды. Осында түріктер Еуропаға бұрындары жеткен ғұндардың соңғы көсемі Анагайдың көмегімен, Босфордағы византиялық қала Пантикапаеумды қоршап алып шабуылдайды. Артынша б.д. 581 жылы түріктер Қырым түбегіне кіріп, оны 10 жыл бойы уысында ұстап тұрады. Осы арқылы Түркі қағанаты уәдеге опасыздық еткен Византия императорына өз әлеуетін көрсетіп қоюды ойлады. Бұл түркі қағанатының сол кезде ешкімнің қас-қабағын бақпай тәуелсіз әрі батыл сыртқы саясат қолданғанын, сондай-ақ, қағанаттың атақ-абыройына саятын мәселелерде өз бетімен шешім қабылдап отырғанын көрсетеді.

Ол кезде Қытайдың Тан патшалығы дүниежүзіне есігін айқара ашқан, еркін әрі тартымды мемлекет еді. Бірақ сол айбынды мемлекеттің тікелей көк түріктердің арқасында құрылғанын біреу білсе, біреу білмейтін болар. Батыста Парсы мен Византияны көп көзге іле бермейтін түріктер,

шығыста Қытайдың Суй патшалығын да менсінбейтін. Бұл кезде Суй императорынан қағажу көрген әскери төрелер мен солтүстіктегі ұлықтардың бірсыпырасы Түрік қағанатынан пана тіледі. Ол туралы «Жаңа Таң кітабында»: «Суй әулетінің даиэ жылдарындағы (605-618) дүрбелеңде Шібір қаған Түркіт шад такқа отырды. Хуасиялықтардың (қытайлардың-авт.) бірсыпырасы соған барып паналады. Қытан, шығай, түйғын, көтең секілді елдер де түгелімен соған қарады. Ду Цзяньдэ, Суэ Цзуй, Лю У-чжоу, Лян Шиду, Ли Гуй, Ван Шичундар бір кезінде айдарларынан жел ескенімен, бәрі де соның қолтығына кірді. Оқшыларының саны 1 миллионға жетті. Роң, дилер ертеден осыншама дәурендеп көрген жоқ еді» [16] дейді. Осы кезде Суй патшалығының Тайюаньда тұратын әскери ақсүйегі Ли Юан көтеріліс жасау ниетіне келіп, Түрік қағанатының көмегіне жүгінеді. Ол туралы «Көне Таң кітабында» былай делінеді: «теріскей тиек әлімсақтан мұндай күшейіп көрмеп еді. Шұғай құзынан қиырға көз тіккен ол хуасиялықтарды қомсынды. Қаған ежелгі тәңірқұтпен тең. Оның әйелі қатүн деп аталады. Бұл да ежелгі әтшеге (Тәңірқұттың әйелі-авт.) тура келеді. Қағанның ұлдары мен інілері тегін, өзге ұлыстардың әскер басылары шад деп аталады. Олардың ең ірі ұлығы –құтлы чор, одан кейінгісі - аба, одан кейінгісі - елтабір, одан кейінгісі - түдүн, одан кейінгісі - іркін.. Гаоцзу Тайюанда көтеріліс жасағанда тай санғұн шатырының сыпасы Лю Вэнцзинді Шібірден көмек сұрауға жіберді. Шібір өз тегіні Қаңшаулылардан тартуға деп 1000 жылқы айдатқан екен. Олар Цяньцзюнь аймағында кезікті. Ол астананы тыныштандыру үшін көмекке тағы да 2 мың атта сарбазын жіберді»[17]. Тан империясы құрылып, бірінші император дүниеден өткенше олар Түркі қағанатына деген тәуелділіктен арыла алмады. Осы кезде Шығыс Түріктің Ел қағаны табғаштарға әскери қысым жасап Чан-аньның іргесіне дейін келіп қайтты. Осылайша, Шығыс пен батыстағы іргелі елдерге өзінің күш-қуатын таныта отырып, Түркі қағанаты «Ұлы жібек жолын» өз бақылауында ұстады.

«Жібек жолы» тек сауда жолы болып қана қалмастан, көптеген мәдениеттердің, жаңашыл идеялар мен ой-пікірлердің, түрлі өнердің, ғылымның, діннің шығыс пен батысқа таралу жолы болды. Түркі қағанаты тоғыз жолдың торабында отырып, одан көптеген жаңа дүниелерді қабылдады. Сондықтан Қытай мен Үндістанда, Парсы мен Византияда немесе Араб әлемінде бар дүние түріктер үшін таңсық емес еді. Міне, осындай табиғи-географиялық шарт-жағдайда отырып, көне түріктер дүниежүзінің әр шалғайынан небір бағалы, асыл дүниелерді, алтын-күміс қазыналарды, бағалы жібектер мен қолөнер бұйымдарын, қару-жарақтың сан түрін өз елдеріне тасып әкелетін. Солармен бірге көптеген шеберлер, құлдар да әкелінетін. Олардың күшімен түріктер Өтүкен қойнауынан Қарабаласағұн секілді айбатты қала салды, Алтай, Тәңір тауларының қойнауынан кен ашып, темір балқытты.

Мұның бәрі Түркі қағанатының жай ғана көшпенді қағанат болып қалмастан, өз кезіндегі әлемдік даму үдерісінің алдыңғы легіндегі ел екенін көрсетеді. Құдды Л.Н. Гумилев атап көрсеткендей: «Түріктердің қоғамдық өмірі мен әлеуметтік институттарының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел, меншіктің сатылық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік дәстүрі, сондай-ақ көрші отырған елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымының болғандығы таң қалдырады»[18:4-5]. Мұның тағы бір мысалы-көне түріктердің өзінің төл жазу мәдениеті болғандығы. Ғылымда Орхон-Енисей руникалық жазулары деген атпен белгілі бұл бітік жазулар Орталық Монғолия мен Саян-Алтай, Жетісу, Талас өлкесіне таралған. Демек, «Ұлы Түркі қағанатының шынайы шежіресі, таңғажайып тарихы бұдан он үш ғасыр бұрын қағазға емес, құлпытастарға қашап жазылған... Бүкіл түркі елін егемендік пен азаттыққа, ерлік пен бірлікке үндейтін бұл дастандардың әрбір әрпі мәңгі өшпестей етіліп, құлпытастар бетінде қалған» [19-94].

Батыспен де, Шығыспен де белсенді қарым-қатынаста бола отырып, Түркі қағанаты «Мәңгілік ел» құрудың жолын іздеген. Түріктің қағандары оңтүстіктегі Табғаш елімен сан түрлі байланысты жолға қойып, олардан келетін қауіп-қатерді де жақсы сезген. Әйгілі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштерінде VII ғасырдың 30-жылдарының басынан 80- жылдарының басына дейінгі 50 жылда Тан империясының бодандығында болу себептерін қорытындылай келе, түркі халқына ел болудың жолын нұсқайды. Бір ғана Күлтегін ескерткішіндегі мәтін мазмұнын жинақтап алсақ, төмендегідей бірнеше түйінге саяды:

1. Үсте Көк аспан, астымызда кара Жер жаралғанда арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстінде ата-бабам Бумын қаған, Істеми қаған такқа отырған;
2. Такқа отырып Түркі халқын, елін, төрін (үкіметін) тұтқан, қалыптастырған;
3. Төрт тарапты бағындырған, бастыны идірген, тізеліні бүктірген;
4. Олар білікті қағандар, күлік қағандар болған;
5. Бірақ кейін келе түріктің қағандары мен бұйрықтары олардай болмапты, берекесіздік баста-

лыпты;

6.Берекесіздік салдарынан елдік құрып отырған елінен, қағандық құрып отырған қағанын жойыпты;

7.Күншығыста Бөклі шөліне, батыста Темір қақпаға дейін Табғаш қаған жаулап алыпты.

8.Осылайша, түріктер Табғаш қағанға 50 жыл қызмет етті;

9.Халық құлдықтың тақсіретін әбден тартты, өксіді, өкінді;

10.Ақыры Елтеріс қаған 17 ерді бастап көтеріліске шықты, олар тездікпен көбейді;

11.Олар елсіреген, қағансыраған халықты қайта жинап, Түркі қағанатын қайта құрды;

12.Түркі елін қорғау үшін Елтеріс қағанның інісі Қапаған қаған, Елтерістің ұлдары Күлтегін мен Білге қаған, ел білгесі Тоныкөк талай жорыққа шығып, ел іргесін бекемдеді;

13.Енді сол Табғашқа қарадан қарап бодан болғандарыңа өкініңдер. Елің болудай-ақ болып еді, түркі жұрты, өзің қателесіп жойғаныңды ұмытпа;

14.Бодандықтан халқымыз кедейлік қаліне түсті. Іші ассыз, сырты тонсыз қиын күйде болды;

15.Әкеміз, ағамыз құрған халықтың атақ-даңқы өшпесін деп түн ұйықтамадым, күн отырмадым;

16.Жан-жақтан ел құрадым, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты мол қылдым, төрт тарапты бейбіт еттім;

17.Батыста Темір қақпаға, шығыста Шандун жазығына дейін жорық жасадық;

18.Шұғай жынысының оң жағы, Төгүлден бері тегінде біздің жер еді, ол енді әдірә қалды. Ол жаққа барсаң түркі халқы құрысың;

19.Өтүкен қойнауындай игі жер жоқ. Өйткені ол мәңгілік ел тұтып отыратын жер;

20.Түркі халқы Өтүкен жынысында отырса Табғаш халқымен иық тіресіп қатар тұрады;

21.Табғаштар жырақ кетсең жаман ақығын берер, жақын барсаң жақсы ақығын берер деген сөзге алданбандар;

22.Өтүкен жынысында отырып Табғашқа керуен аттандырып отырсақ, елімізде мұң болмас;

23.Түркі бектері бірлігіне бекем болыңдар, сендер тез алданасыңдар, бұдан былай Табғаш халқының асыл жібегіне, тәтті сөзіне ермендер, жаңылып оның үлесіне түспеңдер.

Міне, осы жолдардың бәрінде елдік, мемлекеттік туралы қадап айтылады. «Бұл жазуларды оқи отырып, байырғы түркі өркениетінің экономикалық, геосаяси, әлеуметтік, дүниетанымдық құндылықтарын, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында қастерленген ұстанымдарын қаз қалпында тануға болады»[20-135]. Түркі елін, мемлекеттілігін Аспан мен Жердің ортасында адам баласы жаралғаннан бастайды. Ту ертеден келе жатқан елміз, сол үшін мәңгілік ел болып тұруға қақылымыз дегенді айтады. Бұл ретте киелі Тәңірге, оның еркіне сиынады. Түркі халқын, мемлекетін жойылудан сақтап қалған күдіретті Тәңірді еске алады. «Жоғарыда Түркі Тәңірісі, Түркінің киелі Жері, Суы былай депті: Түркі халқы жойылмасын деп, Ел болсын деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатұнды Тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен...Тәңірі күш-қуат бергені үшін әкем қағанның әскері бөрі спетті болды, жаулары қой спетті болды»[21-173-174]-дейді.

Қорытып айтқанда, тарихи деректер Қазақ мемлекеттілігінің құнарлы бастауы болып табылатын көне Сақ, Ғұн, Түрік мемлекеттерінің елдік пен ерлікті қатар ту етіп, «мәңгілік» ел құрудың жолында ту ертеден түскенін дәлелдейді. Олардың мемлекеттік жүйесі, ел басқару үрдісі, әскери өнері, әдет-ғұрып заңдары, ұлттық идеологиясы, дүниетанымы мен менталитеті, басты құндылықтары бірден бірге жалғасып Қазақ хандығына дейін жетті. Шыңғыс хан құрған Монғол империясы да, шын мәнінде, өзінен бұрынғы Ғұн және Түрік империяларының мемлекеттілік дәстүрінің қайта жаңғыруы болатын. Шыңғыс тұқымдары сол көне дәстүрді Қазақ хандығына жалғады.

Деректер мен әдебиеттер:

1. Хан кітабы 汉书. 九十四卷, ғұндар баяны匈奴传.
2. Цы Мацянь. 司马迁. Шицзи史记, 六卷. Цинь Шихуан秦始皇传.
3. Лин Ган林幹. Ғұн тарихы匈奴史. 呼和浩特: 内蒙古人民出版社. 2008.-306 у.
4. Сауада Исаоя泽田勲. Ғұндар 匈奴: 古代游牧国家的兴亡. 内蒙古人民出版社. 2011.-238 у.
5. Цы Мацянь. 司马迁. Шицзи史记, 卷110, 匈奴传.
6. Хан кітабы. 汉书. 九十六卷, Батыс өңір 西域传(一)
7. Доржсүрэн Ц. Умарт хүннү. –УБ. 1961. –120 б.
8. Дамдинсүрэн А. Археологий ишинжилгээгээр олдсон хүннүгийн бичгий дурсгалууд//SA. T.Y.Fasc.3-13, -УБ., 1972. тал. 99-111.
9. Чжоу кітабы周书, 卷五十, 列传四十二.

10. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Астана: Арыс. 2007. -301.
11. 牛汝极. 维吾尔古文字, 古文献导论. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社. 1997. -320.
12. Чжоу кітабы 周书, 卷五十, 第四十二列传, Түріктер突厥.
13. 阿史那忠墓志//昭陵文史宝典(胡元超编著). 西安: 三秦出版社. -403y.
14. 李思摩墓志//昭陵文史宝典(胡元超编著). 西安: 三秦出版社. -403y.
15. Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары. Павлодар, 2010. - 516 б.
16. Жаңа таң кітабы新唐书, 卷215 (上), 列传第140(上), 突厥(上).
17. Көне Таң кітабы旧唐书, 卷194 (上), 列传144 ().
18. Гумилев Л.Н. Көне түріктер./ауд. Ә.Жұмабаев, П. Бейсенов. Алматы, 1994.-560 б.
19. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Алматы: «Раритет». 2011.-429 б.
20. Әбжанов Х.М. Күлтегін жазуы: тарихи сана мен таным//Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы). Алматы. 2001.-582 б.
21. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. Астана: Күлтегін. 2003.-392 б.

Үмітқалиев Ұ.Ұ.

Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев қазақ археологиясында өзіндік сара жол салған өз мектебін қалыптастырған ірі ғалымдардың бірі. Әбдіманап Медеуұлының ірі ғалым деуге тұрарлық келбеті де, тегі де, кешенді зерттеулері де бір бірімен астасып толықтырып жатады. Негізгі зерттеулері Қазақстанның далалы аймақтары саналатын орталық, солтүстік, шығыс өңірлері болғанымен мәдениеттер сабақтастығын анықтауда оңтүстік өңірлерде де зерттеулер жасады. Ғалымның Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі зерттеулері бағытты түрде кең көлемде қамтылмағанымен әр жылдарда әр кезеңнің ескерткіштерін зерттеуге өз үлесін қосты. Оңтүстік Қазақстан территориясының көне кезеңдер ескерткіштері археологиялық жағынан өте аз зерттелгенін Ә.М. Оразбаев өзінің зерттеулерінде жетпісінші жылдардың өзінде айта бастаған болатын: «По завершении исследования бронзы Северного Казахстана я буду просить отдел, дирекцию Института и Ученый совет дать мне возможность заняться исследованием бронзы Южного Казахстана и Семиречья, где памятники эпохи бронзы не только не изучены, но можно сказать и не выявлены» [1, 3 б.].

Оңтүстік өңірлердегі Ә.М. Оразбаевтың зерттеулері Жамбыл облысының Қарақұдық, Таңбалы шатқалдарында қола және ерте темір дәуірлерінің 40 қоршауын қазғандығы жөнінде [2, 61-71 б.]және 1969 жылы Қаратаудың солтүстігі мен оңтүстігінде зерттеулер жүргізілгені айтылады [3, 6 б.].Алғашында Ә.М. Оразбаев 1969 жылы К.А. Ақышевтың жетекшілігімен құрылған Отырар археологиялық экспедициясының құрамында қазба жұмыстарына қатысқанымен кейіннен жеке отряд құрап Қаратау өңіріндегі бірнеше шатқалдардан петроглифтерді зерттеп суретке түсіреді. Бұл жөнінде Қаратау петроглифтеріне қатысты жазған М.К.Қадырбаев пен А.Н. Маряшевтың «Наскальные изображения хребта Каратау» көлемді еңбекте 1969 жылдан Оtrar оазисін зерттеу мақсатында жүргізілген жұмыстармен қатар Үлкен Қаратау шатқалдарындағы петроглифтерді зерттеу басталғаны айтылады. Бірақ ол зерттеулерді кімдер жүргізгені қандай мәліметтер жинақталғаны айтылмайды [4, 8 б.]. Ә.М. Оразбаевтың бұл зерттеулері соңғы зерттеулеріміз қатарында анықталғандай жеке мақала болып «Қазақстан энциклопедиясында» жарық көрген. Сол жүргізілген зерттеулерінің деректері ғалымның ғылыми мұрағатында дайын мақала болып «Петроглифы Каратау» деген атпен сақтаулы. Бұл мақала кейіннен автордың дайындауымен Оразбаев оқулары жинағында 2012 жылы жарияланған болатын. Онда Бесарық сайындағы Күйкентай шатқалы суреттері мен Мейрамтал қойнауындағы Қойбағар I, II, III петроглифтері жөнінде жазылған. Қойбағар петроглифтері өте ірі ескерткіш екенін айта отырып онда, 1200 дей жартаста 3045 жеке композициялар бейнеленген дейді. Жартастардағы жабайы бұқалар, арқар, таутеке және адамдардың итпен аңға шығулары бейнеленгенін айта келіп түйелердің арбаға жегілген көріністері айрықша дейді. Жалпы петроглифтердің кескіндеме түрлері мен композициясына баға бере келе бұл ескерткішті б.з.д. VIII-VIIIғғ мерзімдейді [5, 5 б.].

ЖетпісіншіжылдарыӘ.М.ОразбаевтыңҚазақұлттықуниверситетіндеархеологиякафедрасының ашылуымен байланысты алға қойған мақсаты Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңірлерінің көне дәуір ескерткіштерін зерттеуге бағытты түрде мүмкіншілігі болмады.